



Бөрлі ауданында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 11 қарашадағы № 21-15 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қарашада № 7446-07 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бөрлі ауданында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мәслихат төрағасы

К. Ермекбаев